
	Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісінің жабдықтары: Оқу құралы / Кайрбаева А.Е., Насруллин Г.Ш., Кабылдаева К.А., Мұратханқызы А. ISBN 978-601-333-869-9
	Оқу құралы 1219000 – «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша әзірленген. Оқу құралында нан пісіру, макарон және кондитер өндірісінің технологиялық жабдықтарын пайдалану, режимдерін реттеу, тағайындау, ақауларын жою қарастырылады. 1219000 – «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің типтік оқу жоспарының «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісінің технологиялық жабдықтарын пайдалануды қамтамасыз ету» модулі бойынша құрастырылған. Осы оқу құралының мақсаты білім алушының таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеуіне, білім алушының әлеуметтік ұтқырлығына және еңбек нарығындағы тұрақтылығына ықпал ететін базалық және кәсіптік құзыреттерді меңгеруіне мүмкіндік беретін жабдықтарды пайдалану саласында білім алушылардың кәсіптік білім алуы, сондай-ақ білім алушыны өзін-өзі оқытуға және үздіксіз кәсіптік өзін-өзі жетілдіруге даярлау болып табылады. Оқу құралы колледж студенттеріне арналған және жұмысшы біліктілігі бойынша және орта буын мамандарын дайындау үшін қолданылуы мүмкін.
	Тігін өндірісінің технологиясы бойынша зертханалық практикум: Оқу құралы / Ж.Л. Жаниязова, Г.К. Кенжебаева, Г.А. Бимаханова, Г.Е.Жолдасбаева. – Астана:2024ж. – 142 бет. ISBN 978-601-333-593-3
	Бұл оқу құралы дайындық деңгейіне және «Тігін өндірісінің технологиясы» модулінің міндетті мазмұнына қойылатын талаптарды іске асыруға арналған. Модульді оқудың мақсаты – өндірістік технология негізінде сыртқы киімдерді (пальто, костюмдер, күртелер, көйлектер және жоғарғы жейделер) дайындаудың заманауи әдістерін және өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті түрлерін ескере отырып технологиялық үдерістерді жобалау әдістерін оқу. Киім бөлшектерін жіппен қосу және желімді қосу бойынша практикалық ұсынымдар қарастырылды. Түрлі тігу қасиеттері бар материалдардан жасалған қысқы тігін бұйымдарын өңдеу ерекшеліктері келтірілген. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған.

	Абдиахметова З.М., Мансурова М.Е. Операциялық жүйелер: оқулық / Абдиахметова З.М., Мансурова М.Е. – Алматы. Издательство «Jogary bilim» 2025 ж. – 320 б. ISBN 978-601-04-6802-3 Заманауи іргелі оқулықта жаңаша операциялық жүйелер саласы қарастырылған. 15 бөлімнен тұратын оқулық теориялық және практикалық бөліктерге бөлінген. Оқулықтың әр тарауында теориялық білімді іс жүзінде қолдануға арналған бөлімдер келтірілген, тәжірибелік жұмыстарға ерекше көңіл бөлінген. Мәселелі тапсырмалар, суреттер, анықтамалар, библиографиялық мәліметтер толықтай қарастырылған. Ұсынылып отырған басылымда компьютерлік, операциялық жүйелерге шолу, процестерді басқару және жобалау, ағындарды анықтау, көпесептілік, жадыны басқару жолдары, виртуалды жады, енгізу-шығару, файлды басқару, кірістірілген операциялық жүйелер, олардың қауіпсіздігі және бұлтты операциялық жүйелердің түрлері қарастырылған. Оқулық инженерлерге, ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына және оқытушыларына арналған.
	Тамақтандыру кәсіпорнын жабдықтауды ұйымдастыру: Оқу құралы/ Увакасова Г.Т., Хасенова Ш.К., Серая Н.В., Биджанов А. – Алматы 2024ж. ISBN 978-601-333-433-2 Оқу құралы 0508000 – «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша теориялық және практикалық курс болып табылады. Жабдықтауды ұйымдастыру бойынша кәсіпорынның негізгі міндеті– қорларды басқарудың минималды кідіруі кезінде өндірісті барлық қажетті материалдық ресурстармен уақытылы үздіксіз әрі кешенді жабдықтау. Тізімдеме жасаған кезде қолданыстағы нормативті құжаттама (рецептуралар жинақтары, техникалық-технологиялық карталар және т.б.) бойынша шикізатты салып қоюдың нормалары пайдаланылады. «Тамақтандыру кәсіпорнын қамтуды ұйымдастыру» оқу құралының мақсаты білім алушыларға олардың өздері таңдаған салаларында табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қалдықтарды басқару саласындағы кәсіби білім беру, білім алушылардың әлеуметтік ұтқырлықтары мен еңбек нарығындағы тұрақтылықтарына септігін тигізетін бастапқы және кәсіптік құзіреттерді меңгеру, сонымен қатар білім алушыларды өз бетінше оқу мен үздіксіз кәсіби шыңдалуларына дайындау болып табылады. Құрал колледж студенттеріне арналған және орта буынның жұмыс біліктіліктері бойынша және мамандарды дайындау үшін пайдаланыла алады.



Тамақтану кәсіпорнының табыстылығын қамтамасыз ету: Оқу құралы / А.К., Токенов Ж. Мұратханқызы А., Сенгирбекова Л.К. – Алматы 2024ж.
ISBN 978-601-333-421-9

Оқу құралы 0508000 – «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының пәндері бойынша теориялық дайындық курсы болып табылады. Оқу құралында өнімдер мен қызметтерді ілгерілетуге арналған түрлі акциялар қарастырылған, экономикалық есептеулер, жарнаманың әр түрін пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтерді ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар берілген.
«Тамақтану кәсіпорнының табыстылығын қамтамасыз ету» оқу құралының мақсаты білім алушының таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеуіне, білім алушының әлеуметтік ұтқырлығына және еңбек нарығындағы тұрақтылыққа ықпал ететін базалық және кәсіби құзыреттерге ие болуына мүмкіндік беретін тамақтандыру кәсіпорнының кірістері мен шығыстарын басқару саласында білім алушылардың кәсіби білім алуы, сондай-ақ білім алушыны өз бетімен оқуға және үздіксіз кәсіби өзін-өзі жетілдіруге даярлау болып табылады.
Оқу құралы колледж студенттеріне арналған және жұмысшы біліктілігі бойынша және орта буын мамандарын дайындау үшін қолданылуы мүмкін.



Интерьерді жобалау: Оқу құралы / Кусаинова К.М., Нуркушева Л.Т., Тасмагамбетова А.Р., Абуов К.Т. – Алматы 2024ж
ISBN 978-601-333-427-1

Оқу құралы 0402000 - Дизайн (бейіні бойынша) мамандықтарының теориялық курстарын ұсынады. Оқулықта интерьерді жобалаудағы теориялық және практикалық дайындық, сондай-ақ кәсіби дизайн саласындағы инновациялық технологиялар контекстіндегі негізгі әдістемелік санаттар қарастырылған.
«Интерьерді жобалау» атты оқулықтың мақсаты - оқушылардың өздерінің таңдаған қызмет салаларында табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, кәсіптік білім беру саласындағы студенттердің еңбек нарығында әлеуметтік ұтқырлық пен тұрақтылыққа ықпал ететін негізгі және кәсіби құзыреттілікке ие болу, сондай-ақ өзін-өзі зерттеуге және үздіксіз кәсіби өзін-өзі жетілдіруге дайындық.
Оқулық колледж студенттеріне арналған және жұмыс біліктіліктері мен орта деңгейдегі мамандарды даярлау үшін пайдаланылуы мүмкін.



Электротехникалық материалдар: Оқу құралы /Б.К. Суйиндукова, Г.Б. Тугерова, Г.Б. Арапова, А.В. Келазев – Алматы 2023 ж. –144 беттен кем емес.
ISBN 978-601-333-489-9

«Электротехникалық материалдар» оқу құралы 0902000-«Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығы бойынша 090201.2 «Тарату желілері бойынша электромонтаждаушы» біліктілігі бойынша техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.Нұсқаулық келесі кәсіптік модульдерді меңгеру нәтижесінде білім алушылардың кәсіби қызметті орындауға дайындықтарын, құзыреттіліктерінің қалыптасуының деңгейін бағалауға арналған: ПМ04. «Қосалқы және ткаелаж жұмыстарды орындау», ПМ06. «Таратушы құрылғылар мен қосымша тізбектерді монтаждау», 090201.2 - «Тарату желілері бойынша электромонтаждаушы» мамандығы бойынша ПМ07 «Электр сымдарының электр құрылғыларын монтаждау, қолдану мен жөндеу».Әдістемелік нұсқаулық кіріспеден, 6 тараудан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Оқулықтың келесі бөлімдерден тұрады: «Электр желілерінің электротехникалық материалдары»; «Электр оқшаулағыш материалдар», «Өткізгіш материалдар»; «Магнитті материалдар»; «Ажыратылмайтын қосылыстар».Әрбір тақырып бойынша деңгейлік сараланған тапсырмалар, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, жағдайлық сипаттағы тапсырмалар, сондай-ақ оқу нәтижелеріне қол жеткізуге және бағалау критерийлері ретінде қызмет ететін тест тапсырмалары әзірленген.



Электронды жабдықтар негіздерімен автомобильдердің электр жабдықтары: Оқу құралы / В.М. Венечук, С.А. Кулатаев, А.В. Чернов, М.В. Яварович. – Нұр-Сұлтан:2024 ж.ISBN 978-601-333-880-4

Оқу құралы КМ 12 «Автокөліктің электрондық жабдықтарына диагностика және жөндеу жүргізу», 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді. Оқу құралын әзірлеу кезінде КМ 12 модулін қалыптастыратын бағдарламалармен зерделеніп, талданды.

Оқу құралында автокөлік құралдарының электронды жабдықтарын диагностикалау құралдары мен технологияларын қолдану мәселелері қарастырылған. Автомобильдің жұмыс қабілеттілігін, қосымша және электрондық жабдықтарын орнату және тексеру, автомобильдің электрондық жүйелерін диагностикалау әдістері мен тәсілдері сипатталған. ЭБҚ, электрондық сезгілертердің жұмыс істеу қабілеттілігінің жай-күйін және ЭБҚ қателерін анықтау. Автомобильдің электр жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері қарастырылған.

Оқу құралы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.



Электр техникалық материалдарды құрал мен жабдықты таңдау және пайдалану А.Тоқтыманова, Р.Сарсен. – Астана:2024ж. –144 беттен кем емес.
ISBN 978-601-333-489-9

«Электротехникалық материалдар» оқу құралы 0902000-«Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығы бойынша 090201.2 «Тарату желілері бойынша электромонтаждаушы» біліктілігі бойынша техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.Нұсқаулық келесі кәсіптік модульдерді меңгеру нәтижесінде білім алушылардың кәсіби қызметті орындауға дайындықтарын, құзыреттіліктерінің қалыптасуының деңгейін бағалауға арналған: ПМ04. «Қосалқы және ткаелаж жұмыстарды орындау», ПМ06. «Таратушы құрылғылар мен қосымша тізбектерді монтаждау», 090201.2 - «Тарату желілері бойынша электромонтаждаушы» мамандығы бойынша ПМ07 «Электр сымдарының электро құрылғыларын монтаждау, қолдану мен жөндеу». Әдістемелік нұсқаулық кіріспеден, 6 тараудан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Оқулықтың келесі бөлімдерден тұрады: «Электр желілерінің электротехникалық материалдары»; «Электр оқшаулағыш материалдар», «Өткізгіш материалдар»; «Магнитті материалдар»; «Ажыратылмайтын қосылыстар». Әрбір тақырып бойынша деңгейлік сараланған тапсырмалар, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, жағдайлық сипаттағы тапсырмалар, сондай-ақ оқу нәтижелеріне қол жеткізуге және бағалау критерийлері ретінде қызмет ететін тест тапсырмалары әзірленген.



«Техник-электрик» біліктілігі бойынша негізгі жұмыс түрлерін орындау: Оқу құралы / Голев В.М., Королёва Н.Г., Катинас В.М., Блок В. В.– Астана:, 2024 ж.
ISBN 978-601-333-543-8

«Электр және электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)» мамандығына арналған «Техник-электрик» біліктілігі бойынша негізгі жұмыс түрлерін орындау» оқу құралы заманауи технологияларды баяндайды.1-тарауда электр қондырғыларындағы жұмыстарды ұйымдастыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады, жүктелімдерді, жұмыстарды жүргізуге рұқсатнамалар мен рұқсаттарды беру тәртібі келтіріледі, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, аспаптар мен электр қорғау құралдары туралы негізгі мәліметтер жазылады. 2-тарауда электр және электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу жөніндегі мәселелер баяндалады.3-тарауда электр монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру, электр сымдарын, кабель желілерін, әуе электр беру желілерін монтаждау, екінші тізбектерді және электр желілеріндегі тарату құрылғыларын монтаждау мәселелері қаралады.4-тарау модульді игеру нәтижелерін бақылау мен бағалауға арналған.Оқу құралы «Электр және электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша оқытудың кез келген нысанын (күндізгі, сырттай) іске асыру кезінде ТжКБ ұйымдарының пайдалануына арналған, сондай-ақ осы өнеркәсіп саласының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне, біліктілікті арттыру жүйесінің тыңдаушыларына пайдалы болуы мүмкін.



«Менеджмент». – «Jogary bilim», Алматы: 2024 - 164 бет. ISBN 9965-620-57-9

«Менеджмент» оқу құралында дәріс мәліметтері, жаттығу сабақтарының сұрақтары, семинарлық сабақтарын жүргізу үшін қисынын және тәжірибелі есептердің мысалдары келтірілген.
Оқу құралында қазіргі уақыттағы менеджмент принциптері мен әдістемелеріне кеңінен түсінік берілген.
Оқу құралы оқытушылар мен студенттерге аспиранттарға, кәсіпкерлерге және экономистерге арналған.



Электротехникалық материалдары құрал мен жабдықтарды таңдау және пайдалану: Оқу құралы /Б.К. Сүйіндукова, Г.Б.Тугерова, Г.Б. Арапова, А.В. Келазев – Алматы 2024ж. – 144 беттен кем емес. ISBN 978-601-333-489-9

«Электро техникалық материалдар» оқу құралы 0902000- «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығы бойынша 090201.2 «Тарату желілері бойынша электромонтаждаушы» біліктілігі бойынша техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.Нұсқаулық келесі кәсіптік модульдерді меңгеру нәтижесінде білім алушылардың кәсіби қызметті орындауға дайындықтарын, құзыреттіліктерінің қалыптасуының деңгейін бағалауға арналған: ПМ04. «Қосалқы және ткиелаж жұмыстарды орындау», ПМ06. «Таратушы құрылғылар мен қосымша тізбектерді монтаждау», 090201.2 - «Тарату желілері бойынша электромонтаждаушы» мамандығы бойынша ПМ07 «Электр сымдарының электро құрылғыларын монтаждау, қолдану мен жөндеу».Әдістемелік нұсқаулық кіріспеден, 6 тараудан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Оқулықтың келесі бөлімдерден тұрады: «Электр желілерінің электротехникалық материалдары»; «Электр оқшаулағыш материалдар», «Өткізгіш материалдар»; «Магнитті материалдар»; «Ажыратылмайтын қосылыстар». Теориялық бөлік бұл модульдерді бағалау критерийлеріне сәйкес дайындалған білімдер мен дағдыларды бақылауға мүмкіндік беретін модульдердің оқу нәтижелерін анықтайды.
Әрбір тақырып бойынша деңгейлік сараланған тапсырмалар, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, жағдайлық сипаттағы тапсырмалар, сондай-ақ оқу нәтижелеріне қол жеткізуге және бағалау критерийлері ретінде қызмет ететін тест тапсырмалары әзірленген.

	Электр машиналары мен трансформаторлары: Оқу құралы /А.Е. Даирбекова, Н.Б. Байкенова, А.А. Айболова, Б.К. Жанабаев. – Астана,2025ж ISBN 978-601-333-547-6 Оқу құралы "Электр және электр механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)" мамандығы бойынша" 0910012-"Электр машиналары бойынша электромонтаждаушы" біліктілігін меңгеру үшін "Электр машиналарын монтаждау", "Электр машиналарын сынамалы іске қосу, сынау жүргізу" кәсіби модульдерін зерделеу кезінде оқу процесінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл модуль жұмыстың нәтижелілігін, электр машиналарын сынамалы іске қосу және сынау жұмыстарын орындау үшін қажетті дағдылар мен білімді сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар: электр машиналарын сынамалы іске қосу операцияларының реттілігі; электр машиналарын сынау түрлері; сынамалы іске қосуды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережесі; электр машиналарын сынауды жүргізу ережесі, қайталама коммутация сұлбаларын құрастыруды игереді. Оқу құралы модульді игеру үшін студенттерге де, зертханалық-тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру үшін оқытушыларға да, өндірісте жұмысшыларды дайындау кезінде өндірістік оқыту шеберлеріне де пайдалы болады.
	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу: Оқу құралы / Т.К. Балгабеков, Т.Д. Жумажанов, Г.Н. Байгужина, А.Ф. Таран. - Нұр-Сұлтан: 2024 ISBN 978-601-333-879-8 Оқу құралы КМ 07 - «Слесарьдің автокөлікті жөндеу бойынша жұмыстың негізгі түрлерін орындауы», 1201000 - «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», мамандығы бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді. Оқу құралын әзірлеу кезінде КМ 07 модулін құрайтын бағдарламалар зерделеніп, талданды. Оқу құралында автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану бойынша практикалық жұмыстарды орындау реті тұжырымдалған, жаңартылған білім мазмұнының элементтері ұсынылған. Осы оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.



Тоқу өндірісінің жабдықтары: Оқу құралы / А.Б.Турлыбекова, М.О. Алимбетов, Н.Б. Абдикаликова, О.К. Балабеков. – Астана:2024 ж.
ISBN 978-601-333-581-0


«Тоқу өндірісінің жабдықтары» атты оқу құралында мата тоқуға иірім жіптерді дайындау, қайта орау, тізіп орау, шлихталау, сабақтау немесе байланыстыру кезеңдерінде қолданылатын жабдықтар және олардың жұмыс істеу принциптері, мата тоқу станоктары, олардың түрлері және негізгі механизмдері, тоқу станоктарына қызмет көрсету туралы мәліметтер келтірілген. Заманауи тоқу станоктарының бірнеше түрлері жазылған және механизмдерінің жұмыс істеу принциптері көрсетілген.
Аталмыш оқу құралы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің «Тоқу өндірісі» мамандығының 2-3 курс студенттеріне арналған.



Тоқу өндірісінің технологиясы: Оқу құралы /С.Н.Мұхамеджанова, А.О.Қыдырбаев, К.М.Айдарова, А.А.Джамалов. – Астана:2024ж.
ISBN 978-601-333-77-3

Оқу-тәжірибелік құрал тоқу өндірісінде қолданылатын иірімжіптер мен жіптер сипаттамасының элементтерін, технологиялық үдерістердің мәні мен мата өндірісінің озық технологиялық режимдері туралы негізгі мәліметтерді қамтиды, кітапта дайындау және тоқу цехтарының қазіргі заманғы жабдықтарының сипаттамалары, тоқу өндірісінің техникасы мен технологиясының даму жолдары туралы мәліметтер берілген. Негізгі жұмысшылардың міндеттері, жабдыққа қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері, сондай-ақ маталардың ақаулары және олардың пайда болу себептері сипатталған. Әрбір тараудан кейін білімді бақылау үшін сұрақтар мен тест тапсырмалары берілген.
Оқу-тәжірибелік құралы колледждердің тоқыма мамандықтары бойынша білім алушыларына арналған және тоқыма кәсіпорындарының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне пайдалы болуы мүмкін.

	Рысымбетов Е.Қ., Ералин Қ.Е., Сәндік бейнелеу әдістері. Оқу құралы. – Алматы JOGARY BILIM 2025 – 124 бет. ISBN 1563-0307 Оқу құралы жоғары оқу орындарының білім алушыларына сәндік бейнелеу өнерінің әдістерін меңгертуге бағытталған. Сонымен қатар келтірілген мәліметтер қолданбалы сән өнері, бейнелеу өнері, сызу және көркем еңбек, графикалық жобалау пәндерінің оқытушылары мен мұғалімдеріне де көмегін тигізеді.
	Компьютерлік графика: Оқу құралы/ Г.Е.Құрманқұлова., Б.М. Ділмағамбетова, Ж.Ж. Айнақұлов. -Алматы JOGARY BILIM 2024 –127 б.:ил. ISBN 978-601-241-744-9 Бұл оқу құралында Компьютерлік графика негіздері және PageMaker, CorelDRAW және PHOTOSHOP редакторларының жұмыс ортасы қарастырылған. Негізгі назар Corel Draw бағдарламасы ортасында тапсырмаларды орындауға аударылған. Әр бөлімнің соңында бақылау сұрақтары берілген. Оқу құралы инженерлік факультеттің студенттері мен магистранттарына арналған.



Электротехниканың теориялық негіздері: Әдістемелік нұсқау: Кәсіби білім беретін колледж оқытушыларына арналған құрал /А.А.Медетбекова, С.Ж.Маткасимова, К.А.Жамангозов –Алматы: JOGARY BILIM, 2024. -116 б.
ISBN 978-601-7533-85-4

Әдістемелік құралда «Электротехниканың теориялық негіздерінің» маңызды тақырыптарына арналған көмекші материалдар қарастырылған. «Электротехниканың теориялық негіздерінен» білім алушылардың оқытушымен өздік жұмыстары қамтылған.
Әдістемелік құрал техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім алушылары мен оқытушыларына арналған.



«Критериалды бағалау технологиясы» оқу құралы: Кемешова А.М., Кошанова З.А., Жунусова А.Т, Себепова А.Т.,- Алматы 2024ж.
ISBN 978-601-333-525-4

Бұл оқу құралы «100 жаңа оқулық» жобасы аясында «Кәсіпқор» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамының қолдауымен Техникалық және кәсіптік білім беру орындарының 1, 2- курс студенттеріне арналып даярланған. Оқу құралына критериалды бағалау технологиясы бойынша теориялық ақпарат, оқу үдерісін ұйымдастыруда критериалды бағалау технологиясын қолдану әдіс-тәсілдері, қалыптастырушы бағалаудың техникалары, нәтижеге жету жолдары, тиімді кері байланыс орнату түрлері және студенттерге тапсырмалар жиынтығы мен тестілеу сұрақтары енгізілген.



Педагогикалық практиканы ұйымдастыру: Оқу құралы/Ш.Х.Курманалина, Ж.Ж.Жонкарбаева, А.Мұратқызы, С.Ш.Сапаргалиева. – Алматы 2024ж.
ISBN 978-601-333-534-6

Осы құрал «Бастауыш білім беру» мамандығына арналған типтік оқу жоспары, білім беру бағдарламасы бойынша, кәсіби құзыреттілік БҚ7. Тәрбиелік: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартуды жүзеге асырады, базалық модуль БМ 07. модуль сыныптан тыс тәрбие жұмыс технологиясы бойынша ұйымдастыру тәсілдерін қолданып, тәрбие үрдісінің мақсат-міндеттерні орындайды. Базалық модуль БМ 07. Жазғы сауықтыру лагерінде балалар ұжымымен тиімді жұмыс жасауға бағыттайды. КҚ 8. Әдістемелік: білім үдерісін қамтамасыз етуді жүзеге асыру, бастауыш сыныптың барлық пәндерінің оқыту әдістемелерін байқау, дипломалды практикалардан өтуге қажетті білім, іскерлік, дағдыны қалыптастырады. КҚ 6. КМ 06. бастауыш мектепте ағылшын тілінде ауызша және жазбаша еркін меңгертеді. КҚ 9. Зерттеушілік: білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу, білім ортасын зерттеу. КМ 09. Білім алушылардың, білім сапасына мониторинг жүргізу баланың мектептегі алғашқы күндерін зерттеп қабілеттерін анықтау.КҚ 10. Әлеуметтік - коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады. КМ 10. Теорияда алынған білімді практикада ұштастрады. Педагогикалық және гуманитарлық колледж студенттеріне арналған.

Оқу құралының мазмұны техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарына кәсіптік практика жүргізуге негіз бола алады.



Педагогикалық іс-әрекетті жобалау: Оқу құралы / Б.Е.Батанасова, Л.Навий, Т.Б. Сабитова, Ш.С.Утельбекова. – Алматы 2024ж.
ISBN 978-601-333-503-2

Оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарының «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 КМ сәйкес әзірленді. Оқу құралын әзірлеу барысында 08 КМ құрастыратын бағдарламалары зерттеліп, талдау жасалды.

Оқу құралында педагогикалық іс-әрекетті жобалаудың теориясы тұжырымдалып, жаңартылған білім мазмұнының элементтері көрсетілген. Бұл оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.



«Педагогикалық менеджмент» Ш.Х.Курманалина, С.М.Бахишева, Н.Н.Дәулеткалиева, Н.Ж.Архыматаева. Оқу құралы. – Алматы 2024ж.
ISBN 978-601-333-532-2

Оқу құралы «Бастауыш білім беру» мамандығына арналған типтік оқу жоспары, білім беру бағдарламасы бойынша, кәсіби құзыреттілік КҚ 10. Кәсіби қоғамдастық және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады, кәсіби модуль КМ 10 . Кәсіби қоғамдастық және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесу негізінде құрастырылған. 4 курс студенттеріне арналған.

Оқу құралы үш тараудан, қолданылған әдебиеттер, тестілер жинағынан тұрады.

Оқу құралы педагогика,психология, саясаттану, философия негіздері, құқық негіздері пәндерімен байланыстырылып оқытылады. Оқу құралының мазмұны техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарына жұмыс бағдарламасын жасау үшін негіз бола алады.